

Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және заттай дәлелдемелерге, қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлікке байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 1 қазандағы № 101 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 қарашада № 9859 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 1 желтоқсандағы № 213 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас Прокурорының 01.12.2023 № 213 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз

Есірткі заттардың, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымымен күрес саласында нәтижелерді көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында, "Прокуратура туралы" 2017 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңының 37-бабының б) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес "Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заттай дәлелдемелеріне байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есеп нысаны;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес "Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заттай дәлелдемелеріне байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық" бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының бұйрықтарының күші жойылған деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті (бұдан әрі – Комитет) осы бұйрықты :

1) мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне;

2) мүдделі құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құрылымдық бөлімшелеріне , Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялануға тиісті және 2015 жылдың 1-қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының 2014 жылғы
1 қазандағы № 101 бұйрығына
1-қосымша
нысан

Ескерту. Нысан жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлікке байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есеп

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-бөлім. Есірткі құралдарының, психотроптық немесе улы заттардың, оларға ұқсас прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер

Ескерту. 1-бөлім жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Атауы	Жол коды	Есепті кезеңде іс жүргізуде болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Есепті кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде (бұдан әрі – СДТБТ) тіркелген қылмыстық құқық	Есепті кезеңде істері бойынша іс жүргізуі аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Есепті кезеңде істері сотқа жіберілген қылмыстық құқық
-------	----------	--	---	---	--

			бұзушылықтар саны		бұзушылықтар саны
А	Б	1	2	3	4
Барлығы					
Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің бұдан әрі – ҚР ҚК) бабы	1				

кестенің жалғасы

Есептік кезеңде істері тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Есептік кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны										
Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің бұдан әрі – ҚР ҚК) 35-бабы 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтары және 36-бабы бойынша	Қ Р ҚПК-нің 35-бабы 1-бөлігінің 2), 5), 6), 7), 8) тармақтары және 36-бабы бойынша	барлығы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 1) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 2) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 3) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 4) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 5) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 6) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 7) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 8) тармағы	Қ Р ҚПК-нің 45-бабы 7-бөлігінің 9) тармағы
5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16

Кестенің жалғасы

Тергеп-тексеру мерзімі өткен қылмыстық құқық бұзушылықтар саны
17

кестенің жалғасы

есептік кезеңде іс жүргізуі аяқталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, оның ішінде жасалған	Қызметтік-іздестіру иттерін
---	-----------------------------

кәмелетке толмағандар немесе олардың қатысуымен	адамдар тобы	қылмыстық топ	қылмыстық қауымдастық	қылмыстық ұйым	есірткілік қозу жағдайында	қолданумен анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны
18	19	20	21	22	23	24

кестенің жалғасы

Есепті кезеңде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты СДТБТ-да тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Есепті кезеңде "бақыланатын жеткізілім" әдісі бойынша анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	оның ішінде	
		ішкі	сыртқы
25	26	27	28

2-бөлім. Есірткі құралдарының, психотропты немесе улы заттардың, прекурсорлардың, олардың баламаларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтер

Атауы	код	Барлық тұлғалар	оның ішінде					
			ертеректе нашакорлықпен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар	кәмелеттік жасқа толмағандар	әйелдер	Қазақстан азаматтары	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының азаматтары	Ресей (6-бағаннан)
А	Б	1	2	3	4	5	6	7
Барлығы	1							
ҚР ҚК-ның баптары	2							

Кестенің жалғасы

оның ішінде							
Украина (6-бағаннан)	Қырғызстан (6-бағаннан)	Тәжікстан (6-бағаннан)	Түркіменстан (6-бағаннан)	Өзбекстан (6-бағаннан)	баскалар (6-бағаннан)	шетел азаматтары	азаматтығы жоқ тұлғалар
8	9	10	11	12	13	14	15

3-бөлім. Есірткі құралдарын, психотроптық және улы заттарды, прекурсорларды алып қою немесе жою туралы мәліметтер

А кестесі. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды алып қою және жою туралы мәліметтер

				оның ішінде
--	--	--	--	-------------

тармақшаларына сәйкес Есірткі құралдары, психотроптық заттар және олардың прекурсорлары тізімінің I, II, III кестелеріне қосылған есірткі құралдарын, психотроптық заттарды заңсыз айналымынан алып қою туралы мәліметтер көрсетіледі)									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Кестенің жалғасы

оның ішінде қызметтік-ізвестіру иттерін пайдалану арқылы							
ИМ		ҰҚК		ҚМА		басқа құқық қорғау органдары	
гр	мл	гр	мл	гр	мл	гр	мл
11	12	13	14	15	16	17	18

3-бөлім. Есірткі құралдарын, психотропты немесе улы заттарды және прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер

Б кестесі. Прекурсорларды алып қою туралы мәліметтер

			олардың ішінен,

Атауы	код	Прекурсорлар алынды			контрабандалық жолмен келіп түсті			прекурсорларды есірткі құралдарын дайындау үшін алып қою		
		Киллограмм – (бұдан әрі – кг)	Грамм- (бұдан әрі – гр)	Литр (бұдан әрі – л)	кг	гр	л	кг	гр	л
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлығы (4-кесте. Бақылаудағы прекурсорлардың (жиі есірткі құралдарды және психотропты заттарды дайындау кезінде пайдаланылатын химиялық және өсімдік заттар)	1									

Кестенің жалғасы

Прекурсорларды жою			оның ішінде					
			сот шешімі бойынша			басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша		
кг	гр	л	кг	гр	л	кг	гр	л
10	11	12	13	14	15	16	17	18

кестенің жалғасы

Прекурсорлар тиісті мекемелерге берілді			соның ішінде						Есепті мерзімнің соңына алынған прекурсорлардың қалдық салмағы		
			сот шешімі бойынша			басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша					
кг	гр	л	кг	гр	л	кг	гр	л	кг	гр	л
19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

3-бөлім. Есірткі құралдарын, психотропты немесе улы заттарды және прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер

психотроптық заттар, сол тектестер мен прекурсорлар және олардың заңсыз айналымы мен теріс пайдаланылуына қарсы іс-қимыл шаралары туралы " Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 10 шілдедегі Заңының 2-бабына, 5 - бабының 1), 1-1) тармақшаларына сәйкес Есірткі құралдары , психотроптық заттар және олардың прекурсорлары тізімінің I, II, III кестелері не қосылған есірткі құралдарын ,

1

психотроптық заттарды заңсыз айналымнан алып қою туралы мәліметтер көрсетілді)									
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

3-бөлім. Есірткі құралдарын, психотропты немесе улы заттарды және прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер

Д кестесі. Сараптамаға жұмсалған прекурсорлар туралы мәліметтер

Атауы	код	Объектілер саны	Прекурсорлар алынды		олардың ішінен				Есепті мерзімде жүргізілген сараптамалар саны
					сараптамаға жұмсалды		прекурсорлар қайтарылды		
			гр	мл	гр	мл	гр	мл	
А		1	2	3	4	5	6	7	8
Барлығы (4-кесте. Бақылаудағы прекурсорлардың (жиі есірткі құралдарды және психотропты заттарды дайындау кезінде пайдаланылатын химиялық және өсімдік заттар))	1								

3-бөлім. Есірткі құралдарын, психотропты немесе улы заттарды және прекурсорларды алып қою және жою туралы мәліметтер

Е кестесі. Сараптамаға жұмсалған улы заттар туралы мәліметтер

			Улы заттар алынды	олардың ішінен		Есепті мерзімде жүргізілген
				сараптамаға жұмсалды	улы заттар қайтарылды	

Атауы		Объектілер саны	гр	мл	гр	мл	гр	мл	сараптамалар саны
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8
Барлығы (5-кесте. Лицензиялауға жататын ұлы заттар тізімі)	1								

4-бөлім. Есірткі құралдарды, психотропты заттарды және олардың баламаларын, прекурсорларды қолдану негізінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, ПБ-да есепте тұрған (аяқталған істер бойынша) тұлғалар туралы мәліметтер

Атауы	жол коды	Нашақорлық және уытқұмарлықпен мастану күйінде	олардың ішінен		"Нашақорлық" диагнозымен			Барлығы ішкі істер органдары есебінде тұрған тұлғалар	олардың ішінен	
			кәмелеттік жасқа толмағандар	әйелдер	барлығы	оның ішінде			кәмелеттік жасқа толмағандар	әйелдер
						кәмелеттік жасқа толмағандар	әйелдер			
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Барлық құқық бұзушылықтар	1									
олардың ішінен	олардың ішінен	ауыр емес	2							
		ауырлығы орташа	3							
		ауыр емес	4							
		аса ауыр	5							
	қылмыстар	6								
	теріс қылықтар	7								
	Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру істері бойынша	8								
	ҚР ҚК-нің баптары	9								

5-бөлім. Есірткі құралдардың, психотропты заттардың және олардың прекурсорларының немесе баламаларының заңсыз айналымымен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер

Атауы	код	Барлығы есепке қойылған әкімшілік құқық бұзушылықтар	Әкімшілік жауапкершілік тарту туралы қаулы шығарылған тұлғалар саны (тұлғалар мен)	Қаулы шығарылған		Салынған әкімшілік жазалар						
				өндіріс ті тоқтату туралы (істерде)	әкімшілік өндіріп алу салы туралы (істерде)	негізгі						
						ескерт у	айыпп ұл	тұтқын	арнайы құқық а н айыру	шығар у	рұқсат тамада н айыру / тоқтату /	қызмет ті тоқтату, / айыру/
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Барлығы	1											
Қазақстан Республикасы Әкімшілік Құқық бұзушылық туралы кодекс інің баптары	2											

Кестенің жалғасы

Салынған әкімшілік жазалар қосымша						Айыппұл сомасы (теңгемен)		Кәмелеттік жасқа толмағандар тартылған	Әйелдер	Заңды тұлғалар тартылған	Шетелдік азаматтар тартылған
арнайы құқық а н айыру	шығару	рұқсаттамадан айыру / тоқтату /	қызмет ті тоқтату, /айыру /	алып қою	мүлікке тұтқын салу	салынғаны	өндірілгені				
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23

6-бөлім. Жабайы өсетін қарасораның өсу, заңсыз егістіктердің және апиын, зәйтүн магын, қарасораны, қылшаны және есірткі заттарынан тұратын

өсімдіктердің басқа түрлерін өсіру алаңдарын анықтау және жою туралы мәліметтер

Атауы		заңсыз егістер, өсірулер, сұрыптаулар анықталды									
		апиын мағы					зәйтүн мағы				
		деректер	өсімдіктер		егістер (шаршы метрде (бұдан әрі – егістер))		деректер	өсімдіктер		егістер	
			Анықталды	жойылды	анықталды	жойылды		анықталды	жойылды	анықталды	жойылды
А	Б	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Барлығы	1										

Кестенің жалғасы

заңсыз егістер, өсірулер, сұрыптаулар анықталды									
қарасора					қылша				
деректер	өсімдіктер		егістер		деректер	өсімдіктер		егістер	
	анықталды	жойылды	анықталды	жойылды		анықталды	жойылды	анықталды	жойылды
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

Кестенің жалғасы

заңсыз егістер, өсірулер, сұрыптаулар анықталды					жабайы өсетін қарасора аудандары				
басқа өсімдіктер									
деректер	өсімдіктер		егістер		деректер	өсімдіктер		егістер	
	анықталды	жойылды	анықталды	жойылды		анықталды	жойылды	анықталды	жойылды
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30

7-бөлім. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер

А кестесі. Есірткі құралдары мен психотроптық заттарға тәуелді адамдар туралы мәліметтер

Атауы		Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулармен есепте тұрған адамдардың барлығы	оның ішінде	
			әйелдер	кәмелетке толмағандар

А		1	2	3
Есепті кезеңнің басында есепте тұрған		1		
Есепті кезеңде есепке алынған		2		
оның ішінде	алғаш рет	3		
	б а с бостандығынан айыру орындарынан келген	4		
есепті кезеңде есептен шығарылған		5		
оның ішінде	кемінде 12 ай ремиссияға байланысты есептен шығарылған	6		
	б а с бостандығынан айыруға сотталуымен	7		
	тұрғылықты жерінің өзгеруімен	8		
	қайтыс болуымен	9		
	басқа жас тобына өтуімен	10		
	басқа да себептерге байланысты	11		
Есепті кезеңнің соңында есепте тұрған		12		
оның ішінде мына жаста	14 жасты қоса алғандағы жасқа дейін	13		
	15-17 жас	14		
	18-29 жас	15		
	30 жас және одан жоғары	16		
оның ішінде тұрғылықты жері мен кәсібі бойынша	қ а л а тұрғындары	17		
	оқушылар	18		
	жұмыссыздар немесе оқымайтындар	19		

7-бөлім. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер

Б кестесі. Қолданылатын есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың түрлері туралы мәліметтер

Қолдану салдарынан психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары туындаған есірткі құралдары, психотроптық заттар және прекурсорлар атауы		ХАЖ-10 бойынша қайта қарау шифры	код	Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды қолданатын адамдардың барлығы	
А		A1	Б	1	
Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, барлығы		F11, F12, F13, F14, F15, F16, F18, F19	1		
оның ішінде	Опиоидтарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар - барлығы:	F11	2		
	оның ішінде		героин	3	
			апиын	4	
			басқа опиаттар	5	
	Каннабиноидтарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F12	6		
	Седативті және ұйықтататын заттарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, барлығы:	F13	7		
	оның ішінде		бензодиазипиндер	8	
			барбитураттар	9	
	Кокаинді қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F14	10		
	Кофеинді қоса алғанда басқа да ынталандырғыштарды қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар, барлығы	F15	11		
	оның ішінде		амфетаминдер	12	
			метамфетаминдер	13	
			МДМА (экстази)	14	
		басқалар	15		

Елес туғызатын заттарды қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F16	16	
оның ішінде ЛСД		17	
Ұшатын органикалық қоспаларды қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтар	F18	18	
Психоактивті заттарды және есірткі құралдарын бір уақытта қолданудан туындайтын психикалық және мінез-құлықтық бұзушылықтар	F19	19	

7-бөлім. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер

В кестесі. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды мөлшерден тыс қолдану немесе уытты әсері нәтижесінде қайтыс болғандар туралы мәліметтер

Атауы		Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды мөлшерден тыс қолдану немесе олардың уытты әсері нәтижесінде қайтыс болғандардың барлық саны	оның ішінде 1-бағаннан:	
			есепті кезеңнің басына есепте тұрды	олардың ішінде
			барлығы	әйелдер
А	Б	1	2	3
Есепті кезең ішінде қайтыс болғандардың барлығы	1			
оның ішінде мына жаста	14 жасты қоса алғандағы жасқа дейін	2		
	15-17 жас	3		
	18-29 жас	4		
	30 жас және жоғары	5		

7-бөлім. "Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер"

		уытта ну											
Есепті мерзімнің аяғында есепте тұрғандар			11										
Оның ішінде жасы	14 жасты қоса алғандағы жасқа дейін		12										
	15-17 жас		13										
	18-30 жас		14										
	31 жастан жоғары		15										

8-бөлім. Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді алып қою және жою туралы мәліметтер

Атауы	код	Атауы	Заттай дәлелдемелер алынды (д.)
А	Б	А	1 Б
Көлік құралдары алынды: БАРЛЫҒЫ		Экстремистік алынды:	материалдар
Атауы	Код	Атауы	Заттай дәлелдемелер алынды (теңгеде) код
А	Б	А	1 Б
Мүлік, ақшалар, құндылықтар алынды:		Жалған құжаттар алынды:	
Атауы	код		Заттай дәлелдемелер алынды (д.)
А	Б		1
Қару алынды:			

9-бөлім. Тәркіленуге жататын мүлікті және аяқталған істер бойынша қылмыстық жолмен алынған кірістерді алып қою туралы мәліметтер

Ескерту. Тізбе 9-бөліммен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

Атауы	Жол коды	Тәркіленді (Анықталған қылмыстық істердің саны бойынша)	Тәркіленген қылмыстық табыстың жалпы сомасы	Тәркіленген мүліктің сомасы	Іске асыру
А	Б	1	2	3	4
Түрі	1				

Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының
2014 жылғы 1 қазандағы
№ 101 бұйрығына
2-қосымша

"Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына және қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүліктің заттай дәлелдемелеріне байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есепті қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық

Ескерту. Нұсқаулықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Нұсқаулық "Есірткі құралдарының, психотроптық және улы заттардың, прекурсорлардың, олардың аналогтарының заңсыз айналымына және қылмыстық істер бойынша тәркіленген мүлікке байланысты құқық бұзушылықтар туралы" есепті қалыптастырудың бірыңғай тәртібін белгілейді (бұдан әрі – есеп).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2. "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында және "Арнаулы мемлекеттік органдар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында көзделген органдар, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі есептің субъектілері болып табылады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3. Есепті қалыптастыру негіздері:

1) "Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі № 89 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9744 болып тіркелген) (1, 2, 3, 4, 6, 8, 9-бөлімдер) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері толтыратын Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінің (бұдан әрі – СДТБТ) электрондық ақпараттық есепке алу құжаттарының (бұдан әрі – нысан);

2) "Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 85 бұйрығымен бекітілген (Мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20962 болып тіркелген) (5-бөлім) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қозғау туралы" 1-ӘЖ және "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қозғалу, қаралу барысы туралы және әкімшілік жазаның орындалу тәртібі туралы" 1-ӘҚ нысандары (бұдан әрі – нысан) ақпараттық есепке алу құжаттарының мәліметтері болып табылады;

3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (7-бөлім).

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

4. Есеп өңір бойынша құқық бұзушылықтар туралы жиынтық есептен және осы өңірдің әрбір субъектісі бойынша есептерден тұрады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

5. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

6. Комитеттің аумақтық органдарының бастықтары жергілікті жерлердегі Комитеттің ақпараттық жүйелеріне келіп түсетін мәліметтердің шынайылығын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

2-тарау. Есепті ұсыну мерзімдері

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Республика бойынша, сондай-ақ өңір және әрбір субъект бойынша жиынтық есеп тоқсан сайын өсу қорытындысымен Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) орталық аппаратында автоматтандырылған режимде қалыптастырылады.

Нысандар СДТБТ-ға, ӘІБТ-ға түпкілікті жүктелгеннен кейін есепті кезеңнің соңғы күні сағат 00:00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша) белгілі бір уақыт кезеңінде қалыптастырылған есептің есебі (статистикалық кесінді) жүргізіледі.

Белгілі бір уақыт кезеңінде қалыптастырылған бекітілген есепке (статистикалық кесім) түзетулер енгізуге тыйым салынады.

Есептің 7-бөлімін субъектілер Комитеттің аумақтық органдарына есепті кезеңнен кейінгі айдың 1-күніне, Комитеттің аумақтық органдары Комитетке есепті кезеңнен кейінгі айдың 4-күніне ұсынады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

8. Комитет есепті субъектілерге, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есепті кезеңнен кейінгі айдың 8-күніне олардың ресми электрондық мекенжайларына электрондық форматта жібереді.

Егер мерзімнің аяқталуы жұмыс істемейтін (демалыс, мереке) күнге тура келсе, онда мерзімнің соңғы күні одан кейінгі бірінші жұмыс күні болып есептеледі.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

3-тарау. Есірткі құралдарының, психотроптық немесе улы заттардың, прекурсорлардың, сол тектестердің заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есептің 1-бөлімі)

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Есептің 1-тарауы есепті мерзімде істері өндірісте болған (тергеп-тексеру басталған, сотқа жолданумен аяқталған, өндіріспен сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі тоқтатылған, бұзылған) қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы, сондай-ақ істері бойынша есепті мерзімнің соңына алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өткен, ал мерзімін ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-не түспеген құқық бұзушылықтар туралы мәліметтерден тұрады.

Қатарларда Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚК) баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

Бағаналар бойынша көрсеткіштерді қалыптастыру кезінде қылмыстық іс бойынша шешімді есепте бейнелеуде мынадай ережені ұстану қажет, егер аталған құқық бұзушылық есептік кезеңде бірінші рет тергеп-тексеруі аяқталғандар қатарына жатқан болса (сотқа жолданған немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық - процесілік кодексінің (әрі қарай – ҚР ҚПК) 35-бабының 1-бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12)-тармақтарына және 36-бабына сәйкес, есептен алынумен қысқартылған немесе сотқа дейінгі тергеу жүргізудің мерзімдері үзілген.

Егер, алдыңғы жылдары есептен алынумен қысқартылған немесе сотқа дейінгі тергеу жүргізудің мерзімдері үзілген тергеуі аяқталғандар қатарына жатқызылған бұрынғы жылдарғы қылмыстық іс бойынша ағымдағы есептік мерзімде алдын ала тыңдау сатысында сотпен іс прокурорға қайтару нәтижесінде немесе өндіріс жаңғыртылып дәл сондай шешім қабылданса, аталған шешім есепке кірмейді. Егер аталған жағдайда бірінші рет басқа шешім қабылданса, есептің тиісті бағанында, сондай-ақ өндірісте болғандар қатарында есептеледі. Ағымдағы жылы тіркелген құқық бұзушылықтар бойынша істердің алдыңғы процессуалдық шешімдері өзгерген жағдайда, алдыңғы шешім есептен алынып, есептік мерзімде қабылданған шешім есепке алынады. Ашылмауына байланысты

тергеу мерзімі үзілгеністер бойынша өндіріс жаңғыртылса, олар ашылмағандар қатарынан алынады.

10. 1-бағанда істері есепті мерзімде өндірісте болған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Аталған бағанда сондай-ақ есепті мерзімде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны бейнеленеді. Оларға есепті мерзімде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар, сондай-ақ есепті мерзімде алғаш рет қылмыстық істі сотқа жолдау, мерзімін бұзу немесе өндірісті тоқтату туралы іс жүргізу шешімі қабылданған (есептен алынумен тоқтатылғандардан басқа) немесе олар бойынша жоғарыда көрсетілген шешімдердің бірде-біреуі қабылданбаған, өткен жылдардың құқық бұзушылықтары жатады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар 1-бағанда есепті мерзім соңына өндірісінде болатын қылмыстық қудалау органының есебі бойынша, ал сотқа жолдау туралы іс жүргізу шешімі қабылданған, сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі бұзылған немесе іс тоқтатылған және істің одан арғы қозғалысы туралы мәлімет жоқ істер бойынша – соңғы іс жүргізу шешімін қабылдаған орган есебі бойынша ескеріледі.

Құқық бұзушылық тергеулігі бойынша беру кезінде 1-бағаннан шығарылып, оны қабылдаған орган есебінде бейнеленеді.

11. 2-бағанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді кімнің бастағанына қарамастан, есепті кезеңде тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі: анықтау органы, тергеуші, прокурор. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бір қылмыстық қудалау органы бастаған және кейін тергеулігі бойынша басқа органға берген жағдайда, осы бағанда құқық бұзушылық сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаған органның есебінде көрсетіледі.

4-бағанда істері ҚР ҚПК-нің 305, 528-баптары тәртібімен және қылмыстық құқық бұзушылықты тіркеу уақытына қарамастан, ҚР ҚПК-нің 518-бабы тәртібімен медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін алғаш рет сотқа жіберілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың саны көрсетіледі.

5-6-бағандарда істері ҚР ҚПК-нің 35-бабы бірінші бөлігінің 3), 4), 9), 10), 11), 12) тармақтарында және 36-бабында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

7-16-бағандарда есептік кезеңде сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімдері үзілген қылмыстық құқық бұзушылықтардың жалпы саны көрсетіледі.

17-бағанда істері бойынша ҚР ҚПК-де анықталған алдын ала тергеу немесе анықтау мерзімі өткен, ал оны ұзарту туралы ақпарат СДТБТ-ға енгізілмеген құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

12. Есептің 18, 19, 20, 21, 22, 23-бағандарында кәмелетке толмағандар не адамдар тобы есірткілік қозу күйінде, сондай-ақ ұйымдасқан топ немесе қылмыстық қоғамдастық жасаған аяқталған істер бойынша тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер қамтылады.

24-бағанда қызметтік-іздістіру иттерін қолдана отырып анықталған қылмыстық құқық бұзушылықтар саны ескеріледі.

Есепті кезеңде құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қатысты тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны 25-бағанда көрсетіледі.

26-бағанда есепті кезеңде "бақыланатын жеткізу" әдісі бойынша анықталған тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, оның ішінде 27-бағанда "ішкі", 28-бағанда "сыртқы" деп көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

4-тарау. Есірткі құралдарының, психотроптық немесе улы заттардың, сол тектестер мен прекурсорлардың заңсыз айналымына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдар туралы мәліметтер (есептің 2-бөлімі)

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Есептің 2-тарауы есірткі құралдардың, психотропты немесе улы заттардың және прекурсорлар мен олардың баламаларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

14. 1-бағанда есірткі құралдардың, психотропты немесе улы заттардың және прекурсорлардың, олардың баламаларының заңсыз айналымымен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі.

1-бағаннан 3-15-бағанда қылмыс жасаған тұлғалардың жеке санатының саны ерекшеленеді: бұрын қылмыс жасаған, кәмелеттік жасқа толмаған, әйелдер, Қазақстан Республикасының азаматы, ТМД азаматы, шетел азаматы және азаматтығы жоқ тұлға.

5-тарау. Есірткі құралдарын, психотроптық немесе улы заттар мен прекурсорларды алып қою немесе жою туралы мәліметтер (есептің 3-бөлімі)

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Есептің 3-тарауы заңсыз айналымнан алынған есірткі құралдары, психотропты немесе улы заттар, прекурсорлар және олардың түрі мен саны бойынша жойылуы туралы мәліметтерден тұрады.

Есептің бөлімі А "Есірткі құралдарын және психотроптық заттарды алып қою немесе жою туралы мәліметтер", А-1 "Құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралары барысында алып қойылған есірткі құралдары, психотроптық заттар туралы мәліметтер", Б "Прекурсорларды алып қою немесе жою туралы мәліметтер", В "Улы заттарды алып қою немесе тапсыру туралы мәліметтер", Г "Сараптамаға жұмсалған есірткі құралдары, психотроптық заттар туралы мәліметтер", Д "Сараптамаға жұмсалған прекурсорлар туралы мәліметтер, Е "Сараптамаға жұмсалған улы заттар туралы мәліметтер" кестелерінен тұрады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. А кестесінің 1-бағанында есірткі құралдары, психотропты заттар контрабандалық жолмен келіп түскен қылмыстық істер бойынша заңсыз айналымнан алынған есірткі құралдарының және психотропты заттардың жалпы саны, сондай-ақ есепті мерзімде жойылған, соның ішінде сот және басқа мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жойылған есірткі құралдарының, психотропты заттардың саны бейнеленеді.

Есеп тарауының қалған жолдарында есірткі құралдары, психотропты заттар олардың түрі мен саны бойынша бейнеленеді.

17. 1-2-бағандарда есепті мерзімде алынған есірткі құралдарының, психотропты заттардың граммен, миллилитрмен белгіленген жалпы саны бейнеленеді.

3-4-бағандарда контрабандалық жолмен келіп түскендер алынған есірткі құралдары мен психотропты заттар ескеріледі.

5-6-бағандарда жойылған есірткі құралдарының, психотропты заттардың жалпы саны бейнеленеді, оның ішінде: сот шешімі бойынша 7-8-бағандарда, басқа мемлекеттік органдар шешімі бойынша – 9-10-бағандарда. 11-12-бағандарда көму үшін, ғылыми, өндірістік, емдік және өзге мақсаттарда тиісінше құзіретті органдарға (мекемелерге) пайдалануға берілген есірткі құралдары мен психотропты заттардың жалпы саны бейнеленеді, оның ішінде: сот шешімі бойынша 13-14-бағандарда, басқа мемлекеттік органдар шешімі бойынша – 15-16-бағандарда.

17-18-бағандарда қызметтік-іздігіру иттерін қолданып алынған есірткі құралдарының, психотропты заттардың саны бейнеленеді.

19-20-бағандарда алынған есірткі құралдарының, психотропты заттардың есепті мерзімнің соңына қалдық салмағының жалпы саны бейнеленеді.

Б және В кестелері есептің 3-тарауының А кестесі секілді толтырылады, Б кестесімен көзделген, килограмм, грамм, литрде белгіленген, есірткі құралдарын дайындау үшін пайдаланылған прекурсорлардың жалпы саны бейнеленетін Б кестесінің 10, 11, 12-бағандарынан басқа.

18. А-1 кестесінің 1, 2-бағандарында есепті кезеңдегі құқық қорғау органдарының бірлескен іс-шаралары барысында алып қойылған есірткі құралдарының, психотроптық заттардың граммен, миллилитрмен айқындалатын жалпы саны көрсетіледі.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

20. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

21. Алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

6-тарау. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және сол тектестерді, прекурсорларды қолдану жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, ішкі істер органдарында есепке алынған адамдар туралы мәліметтер (есептің 4-бөлімі)

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

22. Есептің 4-тарауы аяқталған істер бойынша ішкі істер органдарында есепте тұрған есірткі құралын, психотропты заттарды және олардың баламаларын, прекурсорларды қолданған мас күйінде құқық бұзушылық жасаған тұлғалар туралы мәліметтерден тұрады.

Жолдарда ҚР ҚК-нің баптарына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер бейнеленеді.

1-бағанда нашақорлық, токсикомандық қозу күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлғалардың жалпы саны көрсетіледі.

1-бағаннан 2-бағанда кәмелеттік жасқа толмағандардың, 3-бағанда әйелдердің саны ерекшеленеді.

4-бағанда "Нашақорлық" диагнозы бар тұлғалар жасаған қылмыстардың жалпы саны бейнеленеді.

5-бағанда 4-бағаннан кәмелеттік жасқа толмаған тұлғалар ерекшеленеді.

6-бағанда 4-бағаннан "Нашақорлық" диагнозымен қылмыс жасаған әйелдердің саны ерекшеленеді.

7-бағанда ішкі істер органдарында есепте тұрған тұлғалардың жалпы саны бейнеленеді.

8-бағанда 7-бағаннан кәмелеттік жасқа толмағандар ерекшеленеді.

9-бағанда 7-бағаннан әйелдер саны ерекшеленеді.

7-тарау. Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және сол тектестердің немесе прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер (есептің 5-бөлімі)

Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Осы тарау әкімшілік тәжірибесі субъектісінің есірткі құралдармен, психотропты заттармен және олардың прекурсорларымен немесе баламаларымен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау нәтижелері туралы мәліметтерден тұрады.

Кестелердің жолдары Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі кодексімен көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар тізбесінен тұрады.

Есеп кестесі автоматты режимде Комитеттің орталық аппаратында "Арнайы есептер" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің орталықтандырылған деректер қорының мәліметтері негізінде қалыптасады.

24. 1-бағанда тіркелген әкімшілік құқық бұзушылықтар саны көрсетіледі.

2-бағанда әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы қаулы шығарылған тұлғалар саны бейнеленеді.

3-бағанда әкімшілік өндірісті тоқтату туралы қаулы шығарылған істер саны бейнеленеді.

4-бағанда өндіріп алуды салу туралы қаулы шығарылған істер саны көрсетіледі.

Бұдан әрі, ведомстволық баптардың санкциясына байланысты өндіріп алудың негізгі және қосымша шаралары бейнеленеді.

Кейінгі бағандарда салынған және өндірілген айыппұл сомасы (теңгемен), әкімшілік жауапкершілікке тартылған кәмелеттік жасқа толмағандардың (кәмелеттік жасқа толмағандар туралы істі қарау құзіреттілігі болған кезде), заңды тұлғалардың саны көрсетіледі.

8-тарау. Жабайы өсетін қарасораның өсу, заңсыз егістіктердің және апиын, майлы көкнәр, қарасораны, қылшаны және есірткі заттары бар өсімдіктердің басқа да түрлерін өсіру алаңдарын анықтау және жою туралы мәліметтер (есептің 6-бөлімі)

Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Есептің 6-тарауы қылмыстық қудалау органдарымен қойылатын ЭАЕҚ-ның негізінде қалыптастырады және заңсыз егістерді немесе өсімдіктерді егуге немесе қарасораның, мактың немесе есірткі заттарынан тұратын басқа өсімдіктердің сұрыптарын өсіруге тыйым салынған өсірулерді анықтау және жою туралы мәліметтерден тұрады.

1-30-бағандарда анықталған деректер мен жойылған (текше метрмен, түптермен) заңсыз егістер, апиын, зәйтүн мағын, қарасораны, қылшаны, сұрыптауға тыйым салынған қарасораны және өсімдіктердің басқа түрлерін, өсірулер, жабайы өсетін қарасораның өсу алаңдары туралы деректер бейнеленеді, ал тарау жолдарында осы деректер бойынша қабылданған іс жүргізу шешімдері немесе өзге актілер туралы мәліметтер бейнеленеді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Бас Прокурорының м.а. 02.07.2020 № 82 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-тарау. Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды пайдаланудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылулары бар адамдарды есепке алу нәтижелері туралы мәліметтер (есептің 7-бөлімі)

Ескерту. 9-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Бағандарда есірткі құралдарына, психотроптық заттарға тәуелді адамдардың жалпы саны көрсетіледі: оның ішінде әйелдер, кәмелетке толмағандар.

Жолдарда есепке алынған адамдар саны көрсетіледі.

Кестені толтырған кезде мыналарды басшылыққа алу қажет: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы 1994 жылы қабылдаған 10-қайта қаралған аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктемесіне (бұдан әрі – ХАЖ-10) сәйкес есірткі құралдарын қолданатын адамдарға F11, F12, F14 диагноз кодтары бар аурулар; психотропты заттарды қолданатын адамдарға F11, F12, F13, F14, F15, F16, F18, F19 диагноз кодтары бар аурулар жатады.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. 1-жолда есепті кезеңнің басында есірткі, психотроптық заттарды қолданатын адамдардың саны көрсетіледі.

Есепті кезеңнің соңында есепке алынған адамдар санының көрсеткіші 12-жолдан келесі есепті кезеңнің (жылдың) 1-жолына көшіріледі. 1-жолдың көрсеткіштері есепті кезеңнің ішінде өзгермейді.

2-жолда есепті кезеңде есепке қабылданған адамдар, оның ішінде есепке алуға алғашқы рет қабылданғандар (3-жол) және бас бостандығынан айыру орындарынан келген, есірткіге тәуелділіктен емделмеген және тұрғылықты жері бойынша емделуді қажет ететін адамдар (4-жол) көрсетіледі.

5-жолда есепті кезеңде есептен шығарылған адамдардың саны, олардың ішінде 5-тен 11-жолға дейін мынадай негіздер бойынша: кемінде 12 ай ремиссияға байланысты, бас бостандығынан айыруға сотталуға, тұрғылықты мекенжайының өзгеруіне, қайтыс болуына, басқа жас тобына өтуіне байланысты есептен шығарылған және басқа да себептер көрсетіледі.

12-жолдың ішінен 13-тен 16-жолдарға дейін есепті кезеңнің соңында есепке алынған адамдар туралы мәліметтер жас топтары бойынша, 17-ден 19-жолдарға дейін - тұрғылықты жері және кәсібі бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Б кестесінде қолданылатын есірткі құралдарының, психотроптық заттардың түрлері туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда ХАЖ-10-ға сәйкес есірткі құралдарын, психотроптық заттарды қолданатын адамдардың жалпы саны көрсетіледі.

1-19-жолдарда есірткі құралдары, психотроптық заттар олардың ХАЖ-10 халықаралық аурулар жіктемесі бойынша көрсетіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. В кестесінде есірткі құралдарын, психотроптық заттарды мөлшерден тыс қолдану немесе олардың уытты әсері нәтижесінде қайтыс болған адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағандарда есірткі құралдарын және психотроптық заттарды мөлшерден тыс қолдану немесе олардың уытты әсерінен есепті кезең ішінде қайтыс болған барлық адамдар саны көрсетіледі (1-баған), оның ішінде есепті кезеңнің басында наркологиялық емдеу-профилактикалық ұйымдарында есепке алынғандардың барлығы және олардың ішінде әйелдер (2 және 3-бағандар) саны көрсетіледі.

Жолдарда есепті кезең ішінде барлық қайтыс болғандар (1-жол), оның ішінде жастары бойынша: 14 жасқа дейінгі жасты қоса алғанда, 15-17 жас, 18-29 жас, 31 жас және одан жоғары жас (2-ден 5-ке дейінгі жолдар) деректері көрсетіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Г кестесінде түзеу мекемелерінде ұсталынып отырған, есірткі құралдарына, психотроптық заттарға тәуелділігі бар адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-жолда есептік кезеңнің басында түзеу мекемелерінде ұсталынып отырған есірткі құралдары, психотроптық заттар қолданудан туындаған психикалық және мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар адамдар саны көрсетіледі.

Есептік кезеңнің соңындағы адамдар санының көрсеткіштері, жыл қорытындысы бойынша 11-жолдан келесі есептік мерзімнің (жылдың) 1-жолына ауыстырылады. 1-жолдың көрсеткіштері есептік кезең бойына өзгеріссіз болады.

2-жолда есептік кезеңде есепте тұрған адамдар, оның ішінде 3-жолда - алғашқы рет есепке алынғандар саны ескеріледі. 4-жолда есептік кезеңде есептен алынған адамдар саны көрсетіледі, оның ішінде 5-10-жолдарда мынадай негіздер бойынша: 5 жылдан аса ремиссияға байланысты, мекемеден шыққан, емделуді қажет ететін және өліміне байланысты есептен алынған адамдар саны көрсетіледі.

11-жолдан 12, 13, 14, 15-жолдарда есептік кезеңнің соңында есепке алынған жас санаттары бойынша бөлінген адамдар туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-бағанда бас бостандығынан айыру мекемелерінде есірткі құралдары, психотроптық заттар қолдануына байланысты есепке алынған адамдар, оның ішінде 2-бағанда - есірткі пайдалануға байланысты мәжбүрлеп емдеу туралы сот қорытындысы шыққан адамдар есепке алынады. 3-5-бағанда 1-бағанда көрсетілген адамдар әйелдер, кәмелетке толмағандар және есірткіге тәуелділігі бар адамдар болып бөлінеді.

Осы тектес түрде тиісті бағандарда прекурсорлар қолданатын адамдар есепке алынуға жатады.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Есірткі құралдарымен, психотропты немесе улы заттармен және прекурсорлармен байланысты соттармен қаралған қылмыстық істер саны туралы мәліметтер (есептің 8-тарауы)

Ескерту. 10-тарау алып тасталды - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11-тарау. Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді алып қою және жою туралы мәліметтер (есептің 8-бөлімі)

Ескерту. 11-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. 8-бөлім Қылмыстық істер бойынша заттай дәлелдемелерді алып қою және оларды түрі бойынша жою туралы және заттай дәлелдемелердің саны туралы мәліметтерді құрайды.

1-бағанда есепті кезеңде алынған заттай дәлелдемелердің жалпы саны көрсетіледі.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бас Прокурорының 15.02.2021 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12-тарау. Аяқталған істер бойынша тәркілеуге жататын мүлікті және қылмыстық жолмен алынған кірістерді алып қою туралы мәліметтер (есептің 9-бөлімі).

Ескерту. Қағида 12-тараумен толықтырылды - ҚР Бас Прокурорының 29.03.2022 № 62 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

33. 9-бөлім аяқталған істер бойынша тәркілеуге жататын мүлікті алып қою және қылмыстық жолмен алынған кірістер, түрлері мен саны, сомалары бойынша мәліметтерді қамтиды.

Қазақстан Республикасының
Бас Прокурорының
2014 жылғы 1 қазанда
№ 101 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізімдемесі

1. "Есірткі заттардың, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды қолданатын тұлғалар туралы" № 1-Н нысанды статистикалық есепті және оның құрылуы жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы № 2 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2172 санымен тіркелген);

2. "Есірткі, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды қолданатын тұлғалар туралы" № 1-Н нысанды статистикалық есепті және оның құрылу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы № 2 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 10 ақпандағы № 7 бұйрық (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2728 санымен тіркелген);

3. "Есірткі, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды қолданатын тұлғалар туралы" № 1-Н нысанды статистикалық есепті және оның құрылу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы № 2 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2005 жылғы 13 маусымдағы № 22 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3698 санымен тіркелген);

4. "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының статистикалық есептілікті қалыптастыру мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2007 жылғы 12 наурыздағы № 7 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4604 санымен тіркелген);

5. "Есірткі, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды қолданатын тұлғалар туралы" № 1-Н нысанды статистикалық есепті және оның құрылу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы № 2 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2008 жылғы 6 қарашадағы № 64 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5366 санымен тіркелген);

6. "Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының статистикалық есептерді қалыптастырудағы мәселелер бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 4 бұйрығының 1-тармағының 1)-тармақшасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5639 санымен тіркелген);

7. "Есірткі, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және оларды қолданатын тұлғалар туралы" № 1-Н нысанды статистикалық есепті және оның құрылу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы № 2 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 145 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7403 санымен тіркелген);

8. "Есірткі, жүйкеге әсер ететін немесе улы заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымымен байланысты қылмыстар мен құқық бұзушылықтар және

оларды қолданатын тұлғалар туралы" № 1-Н нысанды статистикалық есепті және оның құрылу тәртібі жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2003 жылғы 16 қаңтардағы № 2 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2012 жылғы 3 қыркүйектегі № 104 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7962 санымен тіркелген).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК